

KASE АПТАЛЫҒЫ

21 – 24 қазан,
2024

KASE ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

- KASE ресми тізіміне "Қазақстанның Даму Банкі" [XS2917067204](#) (BRKZe16) және [XS2917067386](#) (BRKZe17) халықаралық облигациялары, Халықаралық қайта құру және даму банкінің [US459058LA95](#) (IBRDe5) және [US459058LF82](#) (IBRDe6), "MyCar Finance" МҚҰ ЖШС [KZ2P00011968](#) (MFMCb2), "Сейф-Ломбард" ЖШС [KZ2P00012370](#) (MFMCb2), "Азия кредиттік қоры" Микроқаржы ұйымы ЖШС [KZ2P00011950](#) (MFCFb1), "Интергаз Орталық Азия" АҚ [KZ2C00012441](#) (INCAp5), "Finsoft solution" ЖШС [KZ2P00012412](#) (FSSLpp1) облигациялары және әкімдіктер облигацияларының [екі шығарылымы](#) енгізілді.
- Айналым мерзімінің аяқталуына байланысты KASE ресми тізімінен Азия даму банкінің [XS2541297557](#) (ASDBe12) және "R-Finance" микроқаржы ұйымы ЖШС [KZ2P00010036](#) (MFRFb8) облигациялары алынып тасталды.
- KASE-де "ОнлайнҚазҚаржы МҚҰ" АҚ [KZ2C00011906](#) (MFOKb21) және [KZ2C00011914](#) (MFOKb22) облигацияларымен және iShares 20+ Year Treasury Bond ETF [US4642874329](#) (TLT_KZ) ETF облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- "Сейф-Ломбард" ЖШС [KZ2P00012313](#) (MFSLb4) және [KZ2P00012339](#) (MFSLb5) және "Онлайн-ҚазҚаржы МҚҰ" АҚ [KZ2C00011914](#) (MFOKb22) облигациялары "таза" бағамен сауда-саттық тәртіптемесіне ауыстырылды.
- "First Heartland Jusan Invest" АҚ-на iShares 20+ Year Treasury Bond ETF [US4642874329](#) (TLT_KZ) ETF бойынша KASE-дегі маркет-мейкер [мәртебесі берілді](#).

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 3 980,5 млн МЕККАМ [KZK100000365](#) (MKM012_0159) орналастырды.

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ теңгемен және АҚШ долларымен номинацияланған еурооблигациялардың екі шығарылымын [орналастырды](#).
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ [XS2917067204](#) (BRKZe16) және [XS2917067386](#) (BRKZe17) еурооблигацияларының Вена қор биржасында сауда-саттыққа жіберілгені туралы [хабарлады](#).
- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ [US46627J3023](#), [US46627J2033](#) (HSBKd) ЖДҚ кері сатып алу бағдарламасы шеңберінде өзінің бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер туралы [ақпарат берді](#).
- 01 желтоқсаннан бастап "ҚазТрансОйл" АҚ-ның Қазақстанның ішкі нарығына мұнай айдау тарифі [өзгереді](#).
- "Алтыналмас АҚ" АҚ 2024 жылдың үшінші тоқсанында артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер [төледі](#).
- "Арнур Кредит" МҚҰ ЖШС Азия даму банкімен кредиттік келісімге қол қойылғаны туралы [хабарлады](#).
- Анонс: 05 қарашада "Эйр Астана" АҚ 2024 жылдың үшінші тоқсаны мен тоғыз айындағы нәтижелерін [жариялайды](#).


24.10.2024	Трендтер (%)		
KASE Индексі	5 213,96	0,9	0,3
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а
Freedom Holding Corp.	104,98	4,2	10,2
АО Kaspi.kz	56 250,00	3,2	- 1,0
Tesla, Inc.	240,04	3,0	1,8
АО "ForteBank"	5,25	2,9	2,5
Starbucks Corporation	98,00	2,3	3,3
NVIDIA Corp.	140,99	2,3	21,5
АО "Банк ЦентрКредит"	1 950,10	2,1	1,6
АО "Кселл"	3 306,00	1,7	3,2
PayPal Holdings Inc.	81,50	1,6	4,0
АО "Народный Банк Казахстана"	213,58	1,5	2,4
Microsoft Corporation	423,00	0,8	- 3,0
АО "Национальная компания "КазМунай"	13 749,00	0,5	- 1,6
АО "Казакхтелеком"	38 555,00	0,4	0,7
Ford Motor Company	11,14	-	1,5
Advanced Micro Devices, Inc.	156,52	- 0,0	0,6
АО "НАК "Казатомпром"	19 161,00	- 0,1	7,6
АО "КазТрансОйл"	817,99	- 0,1	- 0,2
АО "Казакхстанская фондовая биржа"	54 448,00	- 0,5	- 1,9
АО "Эйр Астана"	776,10	- 0,6	- 7,2
Pfizer Inc.	28,81	- 1,6	- 1,9
Apple Inc.	229,50	- 2,1	0,7
Intel Corporation	22,11	- 2,8	0,6
АО "KEGOC"	1 449,00	- 4,9	- 2,8

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



Өткен аптада KASE Индексінің ұзақ төмендеуінен кейін 5 169 тармаққа дейін 0,4 %-ға көтеріліп, оң динамиканы көрсетті. Өкілдік тізімдегі акциялардың көп бөлігі жоғары трендте болды.

Қазатомөнеркәсіптің 4 %-ға өскен акциялары ерекше назар аударды. Олардың өсуі әлемдік уран саласындағы жағымды көңіл-күйді көрсетеді. KASE Global секторында уран ETF The Global X Uranium уран бағасының өсуінен және уран өндіруші компаниялардың белсенділігінен кейін 9 %-ға көтерілді. Бұған қоса, Қазатомөнеркәсіп Taigolug Qyshqyl Zauyty ЖШС-мен жыл сайын 800 мың тоннаға дейін күкірт қышқылын жеткізуге ірі келісімшарт жасасты. Бұл уран өндіру үшін маңызды химиялық реагенттің үздіксіз жеткізілуін қамтамасыз етеді.

Халық Банкі ЖДҚ кері сатып алу бағдарламасы аясында өзінің бағалы қағаздарымен мәмілелер туралы хабарлады. 7-11 қазан аралығында компания 91 мың ЖДҚ кері сатып алды, жалпы сомасы 1 1,6 млн. ЖДҚ бағасы 1 16,9-дан 1 17,6-ға дейін өзгерді. Халық банкінің акциялары 0,4 %-ға қымбаттады.

KASE индексіндегі басқа қаржы компанияларының акциялары көп бағытты динамиканы көрсетті: Kaspi.kz акциялары 4,4 %-ға өсті, ал ЦентрКредит Банкінің акциялары 0,4 %-ға төмендеді.

KEGOC акционерлері 2024 жылдың бірінші жартыжылдығындағы пайданы бөлу тәртібін бекітті. Дивидендтерге 22,7 млрд теңге бағытталды, бұл акцияға 82,4 теңгені құрайды. KEGOC акциялары бір апта ішінде 1 % қосып, 1 524 теңгеге жетті.

Мұнай бағасының төмендеуі аясында ҚазМұнайГаз акциялары 1,8 % - ға төмендеп, бір акция үшін 13 681 теңге деңгейінде жабылды. Сонымен қатар, ҚазТрансОйл акциялары 0,5 %-ға, 819 теңгеге дейін өсті.


Телекоммуникация секторында оң динамика байқалды: Kcell акциялары 0,3 %-ға, 3 250 теңгеге дейін, ал Қазақтелеком акциялары 1,1 %-ға, 38 407 теңгеге дейін өсті.

Өткен аптада KASE Global секторының көшбасшысы 9 % қосқан American Airlines Group Inc. акциялары болды. M&T Bank акциялары да көшбасшылар қатарына еніп, 2024 жылдың үшінші тоқсанындағы қаржылық есеп жарияланғаннан кейін 7 % қосты. Динамика бойынша үшінші орында ProShares Bitcoin strategy ETF акциялары болды, олар 6 % - ға өсті. Аптаның аутсайдерлері арасында Uber Inc. және AMD корпорациясының акциялары ерекше көзге түсті, олар сәйкесінше 7 % және 6 %-ға төмендеді.




Репо нарығындағы соңғы сауда-саттыққа сәйкес, TONIA индикаторы 13,81 %, ал TWINA индикаторы 14,03 % құрады.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қисық кірістілігі






Қыркүйек айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 0,1%-ға, АҚШ доллары үшін 481,11 теңгеге дейін нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі бір айда 210 млн АҚШ долларынан 222 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 4,7 млрд АҚШ долларын құрады.

Қыркүйек айында республикалық бюджетке трансферттерді қамтамасыз ету үшін Ұлттық қордан валютаны сату 945 млн АҚШ долларын құрады. Ұлттық қордың сату үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 20% құрады және күніне 45 млн АҚШ долларынан аспайды. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 40 %-ға дейін ұлғайту мақсатында Ұлттық Банк қыркүйекте биржалық сауда-саттықта шетел валютасын сатып алуды жүзеге асыруды жалғастырды, оның жалпы сомасы 500 млн АҚШ долларын немесе нарықтың жалпы көлемінің шамамен 11 % құрады.

Қыркүйек айында аталған операция шеңберінде Ұлттық Банктің алтын-валюта резервтерінен сату көлемі 241,5 млн АҚШ долларын құрады, 2024 жылдың қазанында алтын-валюта резервтерінен валютаны сату 240-тан 260 млн АҚШ долларына дейін болады деп күтілуде. Үкіметтің республикалық бюджетке трансферттер бөлуге арналған алдын ала болжамды өтінімдері бойынша 2024 жылдың қазан айында Ұлттық Банк Ұлттық қордан 1,3-тен 1,4 млрд АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды күтеді. 2024 жылғы қазанда ЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін ұстап тұру үшін валюта сатып алу 850 ден 950 млн АҚШ долларына дейін болады деп күтілуде.

Шетел валюталарының бағамы динамикасы

Δ %, база (01.01.24)




Бағасы Δ 7к, % Δ 30к, % Δ 2024, %

— GBPKZT	629,09	-0,74	-1,28	13,44
— USDKZT	485,11	-0,44	1,28	5,19
— EURKZT	523,82	-1,04	-1,83	6,41
— CNYKZT	68,18	-0,35	0,22	2,31
— RUBKZT	5,02	0,00	-2,51	-21,46

Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Шикізат нарығы

24.10.2024

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс	Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж				7к	1а	1ж
S&P 500	5 809,86	-0,9	1,3	38,8	-0,6	Мұнай (Brent)	74,38	1,8	-1,1	-17,5
Dow Jones	42 374,36	-2,1	0,4	28,3	-2,1	Мұнай (WTI)	70,19	1,4	-1,9	-17,8
PTC	885,22	-1,5	-9,1	-19,8		Табиғи газ	2,52	11,7	-1,1	-16,2
MMBБ	2 718,42	-1,2	-5,3	-16,7		Мыс	435,15	-0,8	-1,8	21,2
Hang Seng	20 489,62	-1,5	7,8	19,9	2,3	Темір	754,50	-2,0	10,1	-19,4
SS CSI 300	3 928,83	0,1	17,2	12,1	3,5	Алтын	2 733,68	0,4	3,0	38,2
Euro Stoxx 50	4 935,45	-1,0	-0,1	21,2	-0,3	Күміс	33,80	1,7	5,2	46,9
FTSEuroFirst	5 577,50	-1,0	-0,1	18,8	-0,6	Астық	581,50	1,5	0,6	2,3
FTSE 100	8 269,38	-1,1	-0,2	11,5	-1,5					
KASE	5 213,96	0,9	0,3	28,6						

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

Валюта Болжам Алдыңғы

29.10	<u>JOLTS еңбек нарығындағы ашық бос жұмыс орындарының саны (қырк.)</u>	USD	9,920M	8,040M
30.10	<u>Германияның ЖІӨ (тоқ/тоқ) (3 тоқсан)</u>	EUR	-0,1%	-0,1%
30.10	<u>ADP ауыл шаруашылығы емес секторда жұмыс істейтіндер санының өзгеруі (қазан)</u>	USD	101K	143K
30.10	<u>ЖІӨ (тоқ / тоқ) (3 тоқсан)</u>	USD	3,0%	3,0%
30.10	<u>Германияның тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (а / а) (қазан)</u>	EUR	0,2%	0,0%
31.10	<u>Өндірітік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (қазан)</u>	CNY	50,0	49,8
31.10	<u>Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім</u>	JPY	0,25%	0,25%

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

Мәні Күні Алдыңғы ай

Жылдық инфляция	8,3%	01.10.24	8,4%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	44,6	01.10.24	42,7
Ақша базасы, млрд KZT	13 741,7	01.10.24	13 324,4
Ақша масса, млрд KZT	40 719,7	01.10.24	40 251,8

Қазақстанның несие рейтингі

Рейтинг Күні Алдыңғы

	BBB-/A-3 тұрақты	02.03.24	BBB-/A-3 тұрақты
	Baa1/тұрақты	09.09.24	Baa2/позитивті
	BBB/тұрақты	17.05.24	BBB/тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00



Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.